

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2024 жылғы 17 қазандағы  
№ ДС-352 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Отандық жауынгерлік жекпе-жектің аралас түрлерін (бұдан әрі – ММА) дамытуға қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Елімізде 2013 жылдан бастап ММА-ны ресми дамытуды аккредиттелген Қазақстандық ММА аралас жауынгерлік жекпе-жегі бойынша біріккен федерациясы (бұдан әрі – ММА федерациясы) жүзеге асырады.

2019 жылы спорт түрлерінің тізіміне «кәсіби ММА» спорт түрі енгізілді.

Қазақстанда 4 халықаралық клуб қызметін жүзеге асырады (*Alash Pride, OCTAGON PROMOTION, Naiza Fighting Championship, Еркін Күш*). Бұл клубтар жеке заңды тұлғалар болып табылады және жеке қаражат есебінен қаржыландырылады.

Бүгінгі күні елімізде 23 мыңнан астам адам шұғылданатын 592 секция жұмыс істейді. Оларды даярлаумен 193 жаттықтырушы айналысады.

Өңірлерде аккредиттелген ММА федерациялары қызмет атқарады.

Сонымен қатар облыстық жоғары спорт шеберлігі және балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде 13 ММА бөлімшелері (*Абай, Атырау, Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстары және Шымкент қ.*) ашылды.

Оқу-жаттығу жиындары, Қазақстан Республикасының чемпионаттары, кубоктары тұрақты түрде өткізіледі.

Барлығы 94 спортшыдан құралған ұлттық құрама командалары (*оның ішінде юниорлар – 30 адам, жастар – 32 адам, ересектер – 32 адам*) жыл сайын әлем және Азия чемпионаттарына қатысады.

Бүгінгі таңда ММА ұлттық құрама командасы Азияда 1-орынды және ИММАФ-Халықаралық аралас жауынгерлік өнер федерациясының халықаралық ұйымына мүше 130 елдің ішінде әлемде 3-орынды иеленеді.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Парламент Мәжілісінің қарауындағы Заң жобасы<sup>1</sup> шеңберінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын спорт түрлерін қысқарту жоспарлануда.

Онда республикалық бюджет қаражаты есебінен тек ұлттық спорт түрлерін, Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық, Азиялық, Азия Пара ойындарының бағдарламаларына енгізілген және жоғары спорттық нәтижелері бар спорт түрлерін қаржыландыру жоспарлануда.

Баяндалғанның негізінде бұл спорт түрін дамыту жұмыстарын ММА федерациясы жалғастыратын болады.

**О. Бектенов**

*орынд.: А.С. Сыздық, тел.: 74-56-74*

---

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт, сондай-ақ нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы